ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ АГЕНТТІГІ

010000, Астана қаласы,
Мәңгілік Ел даңғылы, 8
1- кіреберіс, «Министрліктер үйі»
тел.: +7 (7172) 74 34 01, 74 96 64

АГЕНТСТВО ПО ЗАЩИТЕ И РАЗВИТИЮ КОНКУРЕНЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, город Астана, проспект Мангилик Ел, 8
1-подъезд, «Дом Министерств»
тел.: +7 (7172) 74 34 01, 74 96 64

_____№_____

01-06/8233 от 20.01.2026

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрлігі

25.12.2025ж. №16-02/4514-И хатқа

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі *(бұдан әрі – Агенттік)*, монополияға қарсы органның қорытындысын ұсынуға қатысты жоғарыда көрсетілген хатты қарап, Агенттіктің Басқармасының а.ж. 9 қантардағы №1 хаттамасының негізінде азаматтық қорғау саласында оқыту жөніндегі ұқсас қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы қорытындысын *(қосымша беріледі)* жолдайды.

Қосымша: 6 парақта (қазақша және орыс тілінде).

Төрағаның бірінші орынбасары **Р. Ахметов**

Орынд.: Абдуллаев Ж.
Тел.:74-92-05
zh.abdullaev@azrk.gov.kz

01-06/8233 от 20.01.2026

Ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы
ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі *(бұдан әрі – Агенттік)* Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің *(бұдан әрі – Министрлік)* азаматтық қорғау саласында оқыту жөніндегі қызметтерді Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі – Заң)* 16-бабы 3-тармағының 26) тармақшасына сәйкес бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен сатып алуға қорытынды беру туралы өтінішін қарады.

Аталған Заң нормасына сәйкес мемлекеттік органға Қазақстан Республикасының заңдарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен, оның ішінде мемлекеттік органның өзіне белгіленген өкілеттіктеріне сәйкес мемлекеттік мүлік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сай оларды басқаруды жүзеге асыратын, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден және мемлекеттік кәсіпорындардан, ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді (көрсетуді) жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті органның қорытындысы болған кезде, шартты тікелей жасасу жолымен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мүмкіндігі көзделген.

Сатып алу нысанасы жалпы сомасы - 178 756 000 теңге *(бірліктің бағасы – 77 720 теңге, саны – 2300 д.)* құрайтын Министрліктің ведомстволық бағынысты кәсіпорны болып табылатын ТЖМ «Азаматтық қорғау саласындағы ұлттық ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту орталығы» акционерлік қоғамы көрсететін азаматтық қорғау саласында оқыту жөніндегі қызметтер болып табылады.

Қағидалардың[1] 10-тармағына сәйкес өтініш материалдары қаралып, мынадай жайттар анықталды:

1) өтініш берушінің көрсетілген орындаушыға қатысты басқаруды жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Министрлік туралы ережеге сәйкес, ТЖМ «Азаматтық қорғау саласындағы ұлттық ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту орталығы» акционерлік қоғамы Министрліктің ведомстволық бағынысты ұйымы болып табылады.

---

[1] Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының м.а. 2025 жылғы 16 маусымдағы № 6 бұйрығымен бекітілген Монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру қағидалары қарсы органның қорытындысын беру қағидалары

2) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекетке тиісті тауарларды жеткізуіне, жұмыстарды орындауына, қызметтер көрсетуіне заңнамалық тыйым салулардың немесе шектеулердің болуына қатысты нормативтік құқықтық базаны, сондай-ақ өтініш материалдарында қамтылған мәліметтер мен түсіндірмелерді талдау

Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V ҚРЗ Заңының 46-бабының 2-тармағын сәйкес, уәкілетті орган айқындайтын тыңдаушылар санатына қатысты азаматтық қорғау саласында оқыту уәкілетті органның ұйымдарында, оқу орындарында және аумақтық органдарында жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 2 шілдедегі № 494 «Халыққа және азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру, ілімді насихаттау, оқыту қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен *(Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 3 шілдеде № 20990 болып тіркелді) (бұдан әрі – Қағидалар)* Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның ұйымдары мен оқу орындарында оқытуға жататын лауазымды адамдардың және оқыту мерзімділігінің тізбесі бекітілген.

Қазақстан Республикасы «Үкіметінің Мемлекеттік меншіктің кейбір мәселелері туралы» 2020 жылғы 16 маусымдағы № 372 қаулысына сәйкес, ТЖМ «Азаматтық қорғау саласындағы ұлттық ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту орталығы» акционерлік қоғамының азаматтық қорғау саласында қысқа мерзімді біліктілікті арттыру, басшы құрам мен мамандарды даярлау және қайта даярлау курстарын ұйымдастыру орталық қызметінің негізгі болып айқындалды.

3. тиісті ЭҚЖЖ коды бойынша әрекет ететін кәсіпкерлік субъектілері туралы мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган ұсынатын ақпаратты талдау негізінде әлеуетті бәсекелестерді айқындау

Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның ресми интернет-ресурсындағы ақпаратқа сәйкес, экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (ЭҚЖЖ) 85599 «Басқа топтамаларға енгізілмеген білім беру саласындағы өзге қызмет» коды білім деңгейлері бойынша жіктелмейтін және персоналды/қызметкерлерді оқыту (оқыту/ тренингтер/ даярлау/ қайта даярлау/ біліктілікті арттыру) қызметтерін қамтитын қызметтерді ұсынуды қамтиды.

Осы ЭҚЖЖ-ге кіретін қызмет түрлерінің барлық түрлері бойынша 6958 субъект тіркелген.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» заңында және Қағидаларда көзделген заңнамалық шектеулерді ескере отырып, азаматтық қорғау саласында оқыту жөніндегі қызметтер уәкілетті органның оқу орындарында жүргізіледі.

Өтініш материалдарына сәйкес, ТЖМ «Азаматтық қорғау саласындағы ұлттық ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту орталығы» акционерлік қоғамы уәкілетті органның азаматтық қорғау саласында оқыту жөніндегі жалғыз ұйымы.

Қоғам құрамында арнайы сыныптар мен тренажерлер, оның ішінде мобильді (көлемді тренажерлер), азаматтық қорғаныс және өрт қауіпсіздігі проблемаларын зерттеу жөніндегі елімізде баламасы жоқ мамандандырылған зертханалар, педагогикалық, ғылыми, ғылыми-практикалық жұмыстарда бай тәжірибесі бар жоғары білікті мамандар кіретін бірегей мамандандырылған оқу-

әдістемелік базасы бар сонымен қатар, тыңдаушылардың барлық санаттарын оқыту министрліктің тікелей үйлестіруімен өтеді.

4. өтініште мәлімделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді не олардың әлеуетті алмастырғыштарын бәсекелес тәсілмен сатып алу фактілерінің бар-жоғына қатысты мемлекеттік сатып алудың веб-порталында орналастырылған ақпаратты талдау

Мемлекеттік сатып алудың веб-порталында орналастырылған ақпаратты талдау шеңберінде Комитет мәлімдеген қызметтерді бәсекелес тәсілмен сатып алу фактілері анықталған жоқ.

Қорытындылар

Осылайша, жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, Комитет Заңның 16-бабы 3-тармағының 26) тармақшасына сәйкес азаматтық қорғау саласында оқыту жөніндегі қызметтерін ведомстволық бағынысты кәсіпорын – ТЖМ «Азаматтық қорғау саласындағы ұлттық ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту орталығы» акционерлік қоғамы арқылы сатып алуды жоспарлап отырғаны айқындалады.

Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» заңында және Қағидаларға сәйкес, азаматтық қорғау саласында оқыту жөніндегі қызметтері уәкілетті органның ұйымдарында, оқу орындарында және аумақтық органдарында жүргізіледі, яғни ТЖМ «Азаматтық қорғау саласындағы ұлттық ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту орталығы» акционерлік қоғамы арқылы жүзеге асырылады.

Қолданыстағы заңнамалық шектеулерге сәйкес, азаматтық қорғау саласында оқыту жөніндегі қызметтері уәкілетті органның ұйымдарында, оқу орындарында және аумақтық органдарында жүзеге асыра алатындықтан, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің осы нарыққа қол жеткізу мүмкіндігі жоқ.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Агенттік азаматтық қорғау саласында оқыту жөніндегі қызметтерді көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы 2026 қаржылық жылға қолданылу мерзімімен қорытынды береді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 85-бабы 4-тармағын басшылыққа ала отырып, Агенттік бұл қорытындыны жеке кәсіпкерлік субъектілерінен өтініштер келіп түскен жағдайда не оны беруге негіз болған жағдайлардың өзгергенін куәландыратын мән-жайлар анықталған кезде кері қайтарып алу құқығын өзіне қалдырады.

01-06/8233 от 20.01.2026

ЗАКЛЮЧЕНИЕ
об отсутствии субъектов частного предпринимательства, осуществляющих производство аналогичных товаров, работ, услуг

Агентством по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан *(далее – Агентство)* рассмотрено ходатайство Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан *(далее – Министерство)* о выдаче заключения на закуп способом из одного источника путем прямого заключения договора на основании подпункта 26) пункта 3 статьи 16 Закона Республики Казахстан «О государственных закупках» *(далее – Закон)* услуги по обучению в сфере гражданской защиты.

Указанная норма Закона предусматривает возможность осуществления государственных закупок путем прямого заключения договора в случае приобретения государственным органом товаров, работ, услуг при наличии заключения антимонопольного органа об отсутствии субъектов частного предпринимательства, осуществляющих производство аналогичных товаров, работ, услуг, у акционерных обществ, товариществ с ограниченной ответственностью, сто процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат государству, и государственных предприятий, в отношении которых он осуществляет управление в соответствии с законодательством Республики Казахстан о государственном имуществе, соответствующие полномочия которых, в том числе государственного органа, установлены законами Республики Казахстан, указами Президента Республики Казахстан.

Предметом закупки является услуги по обучению в сфере гражданской защиты, оказываемые АО «Национальный центр научных исследований, подготовки и обучения в сфере гражданской защиты», являющимся подведомственным предприятием Министерства, на общую сумму - 178 756 000 тенге *(цена за единицу – 77 720 тенге, количество – 2300 ед.).*

В соответствии с пунктом 10 Правил[2] рассмотрены материалы ходатайства и установлено следующее:

1) полномочия заявителя в части осуществления управления в отношении заявленного исполнителя

В соответствии с Положением о Министерстве, утвержденным Постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 октября 2020 года № 701, АО «Национальный центр научных исследований, подготовки и обучения в сфере гражданской защиты» является подведомственной организацией Министерства.

---

[2] Правила выдачи заключений антимонопольного органа об отсутствии субъектов частного предпринимательства, осуществляющих производство аналогичных товаров, работ, услуг и об отсутствии иной возможности приобретения соответствующих товаров, работ, услуг на конкурентной основе утвержденные Приказом и.о. Председателя Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан от 16 июня 2025 года № 6

2) анализ нормативной правовой базы, а также сведений и пояснений, содержащихся в материалах ходатайства, в части наличия законодательных запретов или ограничений для субъектов частного предпринимательства на поставку соответствующих товаров, выполнение работ, оказание услуг государству

В соответствии с пунктом 2 статьи 46 Закона Республики Казахстан «О гражданской защите» от 11 апреля 2014 года № 188-V ЗРК, в отношении категории слушателей, определяемых уполномоченным органом, обучение в сфере гражданской защиты проводится в **организациях, учебных заведениях и территориальных органах уполномоченного органа.**

В соответствии с указанной нормой, согласно приложению 2 приказа Министра внутренних дел Республики Казахстан от 2 июля 2020 года № 494 *(зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 3 июля 2020 года №20990)* «Об утверждении Правил информирования, пропаганды знаний, обучения населения и специалистов в сфере гражданской защиты» *(далее – Правила)* утвержден Перечень должностных лиц, подлежащих обучению в организациях и учебных заведениях уполномоченного органа в сфере гражданской защиты и периодичности обучения.

Согласно Постановлению Правительства Республики Казахстан от 16 июня 2020 года № 372 «О некоторых вопросах государственной собственности», основным видом деятельности АО «Национальный центр научных исследований, подготовки и обучения в сфере гражданской защиты» является организация краткосрочных курсов повышения квалификации, подготовки и переподготовки руководящего состава и специалистов в сфере гражданской защиты.

3) определение потенциальных конкурентов на основании анализа информации, предоставляемой уполномоченным органом в области государственной статистики, о действующих субъектах предпринимательства по соответствующему коду ОКЭД

Согласно информации с официального интернет-ресурса уполномоченного органа в области государственной статистики, ОКЭД 85599 «Прочая деятельность в области образования, не включенная в другие группировки» включает предоставление услуг, которое не может быть классифицировано по уровням образования и включает услуги по обучению персонала/сотрудников (обучению/ тренинги/ подготовке/ переподготовке/ повышению квалификации).

По всем видам деятельности, входящим в данный ОКЭД зарегистрировано 6958 субъектов.

Вместе с тем, учитывая законодательные ограничения, предусмотренные Законом Республики Казахстан «О гражданской защите» и Правилами, обучение в сфере гражданской защиты проводится в учебных заведениях уполномоченного органа.

Также согласно материалам ходатайства, АО «Национальный центр научных исследований, подготовки и обучения в сфере гражданской защиты» является единственной организацией образования уполномоченного органа в сфере гражданской защиты.

Общество имеет уникальную специализированную учебно-методическую базу, в состав которой входят специальные классы и тренажеры в том числе мобильные (объемные симуляторы), специализированные лаборатории по исследованиям проблем гражданской обороны и пожарной безопасности аналогов которым нет в стране, высококвалифицированные специалисты с богатым опытом педагогической, научной, научно-практической работы проводят занятия на высоком педагогическом уровне, кроме того обучение всех категорий слушателей проходит при непосредственной координации Министерства.

4) анализ информации, размещенной на веб—портале государственных закупок, на предмет осуществления конкурентных закупок заявленных товаров, работ, услуг либо их потенциальных заменителей

В рамках анализа информации, размещенной на веб—портале государственных закупок, конкурентные закупки заявленных Министерством услуг, не установлены.

Выводы

Таким образом, исходя из изложенного следует, что Министерством на основании подпункта 26) пункта 3 статьи 16 Закона планирует закуп услуги по обучению в сфере гражданской защиты у подведомственного предприятия АО «Национальный центр научных исследований, подготовки и обучения в сфере гражданской защиты».

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О гражданской защите» и Правилами, услуги по обучению в сфере гражданской защиты осуществляются организациями и учебными заведениями уполномоченного органа, то есть АО «Национальный центр научных исследований, подготовки и обучения в сфере гражданской защиты».

С учетом действующих законодательных ограничений, согласно которым услуги по обучению в сфере гражданской защиты могут оказываться только организациями и учебными заведениями уполномоченного органа, субъекты частного предпринимательства не имеют доступа на данный рынок.

На основании вышеизложенного, Агентство предоставляет заключение об отсутствии субъектов частного предпринимательства, осуществляющих производство соответствующих услуг по обучению в сфере гражданской защиты сроком действия на 2026 финансовый год.

При этом Агентство, руководствуясь пунктом 4 статьи 85 Административно-процессуального кодекса Республики Казахстан, оставляет за собой право отозвать данное заключение при поступлении обращений субъектов частного предпринимательства либо при выявлении обстоятельств, свидетельствующих об изменении условий, послуживших основанием для его выдачи.